



МУХТАР ОМАРХАНҰЛЫ ӘУЕЗОВ

- ✦ **Мұхтар Омарханұлы Әуезов** – Ұлы жазушы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан Ғылым академиясының академигі (1946), филология ғылымдарының докторы, профессор (1946), Қазақ КСРО-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері



М.О.Әуезов

Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйекте Семей облысы Абай ауданында дүниеге келді. Әкесі Омархан, атасы Әуез де хат танытын, сауатты, салиқалы адамдар болған. Мұхтар атасы Әуездің, әжесі Дінәсілдің тәрбиесінде болған. Атасы Мұхтардың сауатын әліппемен емес, Абай өлеңдерімен ашты. Жастайынан Абай өлеңдерін жаттап өсті. Бала Мұхтар Абай рухымен ер жетті. Ал кейін барлық өмірін Абайға арнады. «Абай жолы» эпопеясын жазды.

М.Әуезов ғұлама жазушы.
Бала Мұхтарды қариялар «Қоңыр қозы» деп атады.


Жазушының отбасы, бауырлары



МУХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ



АПАСТАСОВ




ТРАГЕДИЯ ТРИУМФАТОРА

قورغانسوزداڭ كۈنى

ЖИЗНЬ БЕЗЗАЩИТНЫХ
ПРОСТАКОВ

Мухтар Әуэзов



Москва 1921

КАЗАНСКИЙ ИМПЕРАТОРСКИЙ ТЕАТР
НАЗ. ГОС. АКАДЕМИЧЕСКИЙ ТЕАТР ДРАМ

Казань
3-545

М. ӘУЭЗОВ
М. 12/20/21

ЕНЛЖ-КЕВЕК
ЭНЛИК-НЕБЕН

№ 1256



توقال

بايبيچە توقال

Мухтар Әуэзов

1921

М. АУЭЗОВ В ВОСПОМИНАНИЯХ СОВРЕМЕННОКОВ



МУХТАР ӘУЕЗОВ

АБАЙ

Мухтар Әуэзов, Мухтар. Старшая и младшая жено. Казань, 1921

“Абай жолы – ұлы шығарма”

- Мұхтар Әузовтің “Абай жолы” роман-эпопеясы - әлемдік сөз өеріне қосылған асыл мұра. Роман-эпопея Абай жайлы болғанымен, ол бүкіл қазақ қоғамының жарты ғасырлық даму жолымен бірлікте алынып көрсетіледі.

Қазақтың классик жазушысы Әуезовтың бас кітабы-”Абай жолы” ұлы ақынға арналған. 1993 жылы ”Абай жолы” эпопеясы дүние жүзі халықтарының 116 тіліне аударылған.



Ауэзову

Мухтару Омархановичу

в 1949 году присуждена Государственная премия СССР
первой степени и присвоено звание

ЛАУРЕАТА ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРЕМИИ СССР

за роман

"Абай"

Председатель Комитета
по Ленинским премиям
в области
литературы и искусства
при Совете Министров
СССР

Н. Тихонов
(Н. Тихонов)

№ 1937

Ученый секретарь Комитета
по Ленинским премиям
в области
литературы и искусства
при Совете Министров
СССР

И. Васильев
(И. Васильев)

"10" декабря 1963 г.

ӘУЕЗОВТЫҢ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ

- * Әуезов қаламынан 30-дан аса драмалық шығарма туды. Жеке пьесалардың варианттарын қоссақ, 50-ден асады. Әуезов драматургиясында жанрлық формалардың бәрін қамтыған. Онда трагедия да, комедия да, драма да бар. Әуезов кейбір шығармаларын бірігіп жазған. Олар: Л. Соболев («Абай»), С. Мұқанов («Ақан - Зайра»), Ғ. Мүсірепов («Қынаптан қылыш»), Ә. Тәжібаев («Ақ қайың»), Ә. Әбішев («Намыс гвардиясы»), «Октябрь үшін» пьесасының материалдары - Жетісу қазақтарының революцияға келеді.
- * Әуезовті әдебиетке «Еңлік - Кебек» алып келді. Шығарма өзегі - эпостық материал. Әлемдік әдебиеттегі мұндай тәжірибе енімді дәстүрлердің бірі. Әуезовтің «Еңлік - Кебекі» 1922 жылы Орынборда басылды. Кейіпкерлері сахна тілімен сөйлейді. Автор өзінен бұрынғы мотивтерден алыс кетпеген. Билер сахнасы - көркемдік тамаша табыс. Кемшілік, олқылықтарды ескеріп, Әуезов пьесаны 1943 жылы қайта жазды. Бірнеше көрініс қысқарды. Аса терең, мәнді шығарманың бірі - «Түнгі сарын». Бұл - қазақ драматургиясында реализмнің орныққанын көрсеткен туынды. Мұнда көркемдік шешім ақындық идеалмен тығыз байланысты. Таптық тартыс шығармада жай схема түрінде емес, адам тағдырлары арқылы бейнеленеді. «Түнгі сарын» - қазақ драматургиясында жағымды кейіпкерлер проблемасын шешкен туынды. «Октябрь үшін», «Тартыс» пьесаларында Әуезов реалистік драма жасаудың түрлі-түрлі құралдарын пайдаланған.

Мұхтар Әуезов “Жетім” шығармасы



М.ӘУЕЗОВТИҢ «ЖЕТИМ» ӘҢГІМЕСІ (1925) АЛҒАШҚЫ РЕТ «ТАҢ» ЖУРНАЛЫНЫҢ 1925 ЖЫЛҒЫ БІРІНШІ САНЫНДА «ҚАЙҒЫЛЫ ЖЕТИМ» ДЕГЕН АТПЕН БАСЫЛАДЫ. КЕЙІНГІ ЖИНАҚТАРДА «ЖЕТИМ» ДЕГЕН АТПЕН ЖАРИЯЛАНАДЫ. «ЖЕТИМ» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ БАСТЫ КЕЙІПКЕР — ЖАС БАЛА ҚАСЫМ. ШЫҒАРМАДА ОН ЖАСТАҒЫ ЖАС БАЛАНЫҢ ҚИЫН ТАҒДЫРЫ, АЯНЫШТЫ ХАЛІ БЕРІЛГЕН, БАЛА ПСИХОЛОГИЯСЫ КӨРІНІС ТАПҚАН. БҰЛ ШЫҒАРМАСЫНДА ҚАЛАМҒЕР БАЛА ҰҒЫМЫН, СЕЗІМІН БЕРУДЕ ӨЗІНШЕ ІЗДЕНІС ТАНЫТҚАН. ӘУЕЗОВТИҢ СУРЕТКЕРЛІК БОЛМЫС-БІТІМІ ӘҢГІМЕДЕ ЕРЕКШЕ КӨРІНЕДІ. ОНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ИДЕЯЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР, БЕЙНЕЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ, БАСТЫ ТҰЛҒАНЫҢ ЖАН ЖҮЙЕСІН АШУДАҒЫ ДЕТАЛЬ, ПОРТРЕТ, ПЕЙЗАЖ, ІШКІ МОНОЛОГ, ОЙ АҒЫСТАРЫ, ТІЛДІК- СТИЛЬДІК ҚҰБЫЛЫСТАР, КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҮЙЛЕСІМ ӨЗ ОРЫНДАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫМЕН ЕРЕКШЕЛЕНЕДІ.




ЖЕТИМ

(әңгіме)

Жаз ортасының қоңыр кеші. Ұлытаудың бөктерінде кештің қоңыр салқын желі еседі. Күн батып, ымырт жабылып барады. Күнбатысты қалың қара бұлт басқан, айналада күнгірт тартқан төбелер қоңырқай тартып, түн тыныштығына қарай бойсұнған сияқты. Сондай жүдеп сарылған төбелердің арасымен үш салт атты келе жатыр еді. Бұлардың беті — қалың таудың іші. Күнбатыста алыста жауын бар еді. Сол алыста күн күркіреп жатты. Анда-санда көкжиектің тұсында күн жарқылдап тұр. Бұлт қалың, жарқылдағы күшті еді. Қарабарқын тартып қараңғылана бастаған аспанда түксиген қатал қабақ, құлазып жүдеген иесіздік білінгендей. Үлкен жарықтың өшер алдында бір сөніп, бір лап етіп жанғанындай, күнбатыста жарқ еткен нажағай жарығымен күнгірт даланы әлде неге үміттендіріп тұрған сияқты. Тау бөктеріндегі қоңыр жел ақырындап бұралып соғып, салбыраған шерлі күйді қозғағандай болады. Табиғат салқын түсте болса да, сұлу тілді сүйгендей, іздегендей еді. Мәңгі мұңлы шермен үзіліп-үзіліп соққан желмен бірге жүректі ақырын-ақырын шымшығандай еді. Сол кезде иесіздікте жүдеу тартып, ұйқыға батып бара жатқан даланы әнші жігіттің зар-мұңлы даусы ұзақ толқынды ырғағымен тербеткендей болды. Ән салқын түсті табиғат ортасында желікті қызықты еске түсірмей, ұлы бір сабырды еске түсіргендей. Ән салған жігіттер табиғатпен жалғасатын тіл тапқандай боп, кейде баяулап қоңырлатқан, кейде шырқыраған сұлу әнмен түн құшағына кіріп келе жатты... Бұл мүйнетте адамның әні де алыста күркіреген күндей, үзіліп соққан бөктердің желіндей табиғаттың өзінен шыққан бір қуат сияқты еді. Бойды табиғат қуатындай болып тоңазытып, көңілді жүз толқытатын қуаты бар еді. Ән кейде батқан күн мен бейуаққа қоштастырған үн сияқты.

Мұхтар ӘУЕЗОВ

Қорғансыздың
күні



ҚОРҒАНСЫЗДЫҢ КҮНІ - М.ӘУЕЗОВТИҢ 1921 ЖЫЛЫ «ҚЫЗЫЛ ҚАЗАҚСТАН» ЖУРНАЛЫНЫҢ 3-4 САҢДАРЫНДА «АРҒЫН» ДЕГЕН БҮРКЕНШІК АТПЕН ЖАРИЯЛАНҒАН АЛҒАШҚЫ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАСЫ. 1922 ЖЫЛЫ ОРЫНБОРДА «ҚОРҒАНСЫЗДЫҢ КҮНІ» ДЕГЕН АТПЕН ЖЕКЕ КІТАП БОЛЫП ШЫҚТЫ.



ШЫҒАРМАДАҒЫ ПЕЙЗАЖ(ТАБИҒАТ КӨРІНІСІН СУРЕТТЕУ)

С. ҚАЛАСЫНЫҢ ОҢТҮСТІГІН ЖАЙЛАҒАН ЕЛДІҢ ҚАЛАҒА ҚАТЫНАСАТЫН ҚАРА ЖОЛЫНЫҢ ҮСТІНДЕ АРҚАЛЫҚ ДЕГЕН ТАУ БАР. (ДАЛАНЫҢ КӨҢІЛСІЗ ҰЗАҚ ЖОЛЫНДА ҚАЖЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН КЕРУЕНГЕ АРҚАЛЫҚ АЛЫСТАН КӨРІНІП, ДӘМЕЛЕНДІРІП ТҰРАДЫ. ЖОЛДЫҢ АУЗЫНДА КӨЛДЕНЕҢ СОЗЫЛЫП ЖАТҚАН ТҰРҚЫ ОН ШАҚЫРЫМДАЙ БОЛҒАНМЕН, ЕНСІЗ КЕРЕГЕ СЫҚЫЛДЫ, ЖАЛҒЫЗ ТАУ. НЕ БАУЫРЫ, НЕ СЫРТЫНДА ЫҚТЫРТЫН ЖОҚ ЫСҚАЯҚ. АРҚАЛЫҚ ЖАДАҒАЙ, ЖАЛҒЫЗ ҚАБАТ БОЛҒАН СОҢ, ҚЫС КҮНІНДЕ ЖЕЛ ТЕРІСІНЕН СОҚСА ДА, ОҢЫНАН СОҚСА ДА ПАНАЛЫҒЫ ЖОҚ АЗЫНАП ТҰРАДЫ. ҚЫСТЫҢ БАСЫНАН ЕКІ ЖАҒЫН ҚАР АЛЫП, ЖҰМЫРТҚАДАЙ ҚЫЛЫП ТЕГІСТЕП ТАСТАЙДЫ). СОНДЫҚТАН ӨЗГЕ ЖЕР АШЫҚ БОЛЫП ТҰРҒАНДА, АРҚАЛЫҚТЫҢ БАУЫРЫ КӨБІНЕСЕ БОРАННАН БОСАМАЙТЫН. АЛЫСТАН ҚАРАҒАНДА ДА АРҚАЛЫҚ БҰДЫРЫ ЖОҚ ЖАЛАҒАШ. КӨРУГЕ АСА КӨҢІЛСІЗ. ЖЫЛ САЙЫН ҚЫС БАСЫНАН ҚАРЛЫ БОЛЫП, МАЛҒА ПАНАСЫ ЖОҚ БОЛҒАНДЫҚТАН, БАУЫРЫН ЖАЙЛАҒАН ЕЛ МАЛЫН ӨЛТІРІП, ӨЗГЕ ЕЛ АМАН ОТЫРҒАНДА, ШОЛАҚ ЖҰТТЫҢ ҚҰРЫҒЫНАН ҚҰТЫЛМАЙТЫН. СОНДЫҚТАН БАУЫРЫН МЕКЕН ҚЫЛҒАН ЕЛ КӨБІНЕСЕ КЕДЕЙ БОЛАТЫН. БҰЛ ЖЕРДІ МЕКЕН ҚЫЛҒАН ЕЛ, ЕРТЕ КҮННЕН АТАЛАРЫНЫҢ ҚОНЫСЫ БОЛҒАНДЫҚТАН ЖӘНЕ БАСҚА ІРГЕ АУДАРАРЛЫҚ ЖАЙЛЫ ЖЕРІ ЖОҚТЫҚТАН, «ҚҰДАЙЫНА ЖЫЛАП» ОТЫРА БЕРЕТІН. БҰЛАРДЫҢ ЖАЛҒЫЗ-АҚ МЕДЕУ ҚЫЛАТЫНЫ АРҚАЛЫҚТЫҢ ЕГІНДІГІ ЕДІ. (БАУЫР СЫРТЫНЫҢ ШЫМЫ ТҰТАС КӨДЕЛІ ЖЕР БОЛҒАНДЫҚТАН, ҮЙ БАСЫНЫҢ САЛҒАН БІРЛІ ЖАРЫМДЫ БӨЛТЕК ЕГІНІ ТӘУІР БОЛЫП ШЫҒЫП, ҰЗАҚ ҚЫСҚА ҚОРЕК ҚЫЛАТЫНЫ СОЛ БОЛУШЫ ЕДІ).

Александр Корнечук: «Әуезов үлкен гуманист адам еді. Ол өз халқын, оның биік мәдениетін шексіз сүйетін. Өзге халық-н әдеб-н өз халқының әдебиетіндей, терең түсініп, оны құрмет тұтып, үнемі қошеметтеп отыратын.»

Әбіш Кекілбаев: «Қорғансыздың күні» мен «Қаралы сұлу», «Жетім» мен «Кім кінәлі» сынды көре-көре көңілді де көңгерлендіріп жіберген, тым қазақыуар қырсықтар мен әлеуметтік кеселдерге бұрын соңды қазаққа тән бола қоймаған атымен соны көзқараспен, шымырлаған сезімталдық пен шыңғырған азаматтық шамырығу тұрғысынан зерделенген зергерлік туындылар еді.

**Әуезов көркемсөзінің құдіреті –
қазақ көгінен асып, бүкіл адамзат
аспанына шарықтауында. Оның
осынау қарымы тәңір берген
талантымен ұштасып, оны
әлемдік деңгейдегі қаламгер етті.**

Н.Назарбаев

*Эпикалық роман “Абай” менің
ойымша, ХХ ғасырдағы ең үздік
шығармалардың бірі.*

*Әлемнің басқа елдерінен де онымен
тең түсетін шығарманы табу қиын.*

Луи Арагон

*Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге
жұрттың табалдырығын аттай
қалсам, әрқашан қасиет тұтып,
өзіммен бірге қастерлеп, алға
жүретін екі түрлі ұлттық асылым
бар: бірі – “Манас”, бірі-
Мұхтар Әуезов.*

Ш. Айтматов

Мұхтар Әуезовтің



шығармашылық

мұрасы -

адамзаттың